

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын
арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
25 қаңтар 2019 ж.**

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ
БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ»
25 января 2019 г.**

PROCEEDINGS
international scientific and practical conference
**“New financial model as the kazakhstanis' wealth growth factor”
25 January 2019**

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261
ГРНТИ 06.73.15

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Бейсенова Л.З.
Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Профессор кафедры «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Алибекова Б.А.
Доцент кафедры «Государственный аудит» к.э.н., доцент Тажикенова С.К.
Доцент кафедры «Финансы» к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.
Зав.кафедрой «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, к.э.н., доцент Тажбенова Г.Д.
Старший преподаватель «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, м.э.н. Мажитова Б.Б.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г. Минск, Республика Беларусь), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев:
Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Астана: Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева, 2019.

Proceeding international scientific and practical conference “**New financial model as the kazakhstanis’ wealth growth factor**” - Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2019.

ISBN 578-601-337-111-5

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international scientific and practical conference address the current issues of a new financial model formation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 578-601-337-111-5

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2019

2. *Синки Дж.мл.* Управление финансами в коммерческих банках / 4-е переработанное изд. // М.:1994.Catallaxu.
3. *Тимоти У.Кох.* Управление банком / в 5-ти книгах, 6-ти частях // Уфа: Спектр. Часть 1. 1993.
4. *Роуз П.* Банковский менеджмент / М., 1995.
5. *Кашапов И.В.* Банковские риски: понятийный аппарат и классификация / Сборник научных трудов по материалам IV Всероссийской заочной научно-практической интернет-конференции «Современные тенденции в экономике и финансах». 2014. С. 86-88.
6. *Базданикин В.А.* Система управления рисками в банковской деятельности / М.: Юрайт. 1996. С.10-11.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Хавджалел Х.

магистрант, Астана қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
E-mail: kasem777@mail.ru

Жансеитова Г.С.

Экономика ғылымының кандидаты, доцент
Астана қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
E-mail: zhans@mail.ru

Ерсұлтанқызы Ә.

Магистр, оқытушы
Астана қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
E-mail: kraunplaza@mail.ru

Андатпа: Демократиялық негізде жергілікті қоғамдастық құрылғанымен оның жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануына мониторинг жасау мен тиімді пайдалуы жөнінде ұсынымдар енгізуі жалпы аумақтық бірлестіктің элеуметтік-экономикалық дамуына қатысқанымен жергілікті бюджет бекітілмейінше аталған басқару үлгісі тиімсіз. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін реформалау кезеңінде әкім аппаратының функцияларын түбегейлі қайта қарастыру мен бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру қажет.

Түйінді сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, бағдарлама, орталықсыздандыру, бюджет

Аннотация: Поскольку местное сообщество сформировано на демократической основе, его рекомендации по мониторингу и рациональному использованию бюджетных средств и источников дохода местного самоуправления, выделяемых на решение местных проблем, участвуют в социально-экономическом развитии всего территориального сообщества, и эта модель управления неэффективна до тех пор, пока местный бюджет не будет утвержден. На этапе реформирования системы местного самоуправления необходимо коренным образом пересмотреть функции аппарата акима и сформировать четвертый уровень бюджета.

Ключевые слова: местное самоуправление, децентрализация, бюджет, программа

Annotation: Since the local community is formed on a democratic basis, its recommendations on monitoring and rational use of budget funds and local government revenue

sources allocated for solving local problems are involved in the socio-economic development of the entire territorial community, and this management model is not effective until local The budget will not be approved. At the stage of reforming the system of local self-government, it is necessary to radically review the functions of the akim's apparatus and form the fourth level of the budget.

Key words: local government, centralization, budget, program

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту - экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқат пен азаматтық қоғамды қалыптастырудың бірден-бір шарты болып табылады. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы қабылданған. Оның негізіне жергілікті өзін-өзі басқарудың еуропалық хартиясында бекітілген муниципалдық демократия мен муниципалдық басқарудың жалпыға бірдей танылған құндылықтары бекітілген. Осы тұжырымдамада Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту екі кезеңге бөлінген: Бірінші кезеңде (2013-2014 жылдары) басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту бойынша және жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту органдарын қалыптастыру үшін базалық алғышарт болып табылған басқару және қаржыландыру тетіктерін практикалық пысықтау шаралары жүзеге асырылды. Екінші кезеңде (2015-2020 жылдары) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару функцияларының аражігін одан әрі ажырату мәселелері қаралып, өзін-өзі басқару органдарының бюджетін және меншігін қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ ауылдық округтер деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді оңтайландыру мәселелері қарастырылған. Аталған тұжырымдама жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуына, бұл өз кезегінде, азаматтық қоғамның қалыптасу мен дамуына, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, жергілікті халықтың өмірлік тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін басқа да факторлармен және шарттармен байланысты көп кезеңді әрі серпінді процестерден тұрады. [1] Алайда қазіргі уақытта алғашқы кезеңді өткенмен, ауылдық округте жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен жүзеге асыру жұмысы бағыттарында бірқатар мәселелер орын алуда. Әлемнің дамыған елдерінде жергілікті басқару процесі бірнеше жоспарлы кезеңдерден және ол оншақты жылдарға созылғаны белгілі. Ал елімізде болса тәуелсіздік алғаннан бастап, 20-23 жыл уақыт өтті және жергілікті жерде басқару қызметі төменгі деңгейде болды. Мүлік жекешелендіріліп, совхоздар мен колхоздар таратылды. Тиісінше ауылдық жерлердің халқы азайып, иесіз және бұзылған мүліктер көбейді. Басты шаруашылықтар ыдыратылып, халық жұмыссыздыққа ұшырады. Жергілікті өзін-өзі басқару билігінің халық алдында міндеті көбейе түскенімен оны орындаудың қызметтік функциялары шектеулі болды. Дегенмен де тұрақтанып қалған елді-мекендер тұрғындары жеке қосалқы мал шаруашылығы мен егін, бау-бақша бағытымен айналысуға бет бұрды. Осы пайда болған мәселелердің барлығы жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа өзіндік басқару үлгісін қалыптастыруға әкеп соқтырды.

Басқару үлгісінің басты бағыты халық пен билік арасын жақындату, халықтың сенімін арттыру болмақ. Яғни, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқару тетігі өкілеттілігінің бір бөлігін жергілікті тұрғындардың құзіреттілігіне беру – нағыз демократияға жеткізер жолдың бірі болмақ.

Жергілікті мәселелерді шешудің алғашқы қадамы болып 2001 және 2006 жылдары экспериментті түрде ауыл әкімдерін мен аудан, облыстық мәндегі қала әкімдерін сайлау болып табылады. Қазіргі басқару үлгісі бойынша жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастықтың жиналысы, яғни халықтан құралған қоғамдастықтың жоғары басшылықтың (аудан әкімі) ұсынған кандидатураларды келісу не жергілікті билік басшысын (әкімін) лауазымнан босату, сонымен қатар, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша

ұсыныстар беру енгізілді. Дегенмен де тиісті жергілікті аумақтық бірліктегі әкімдерді маслихат депутаттары емес, осы жергілікті қоғамдастықтың келісімімен жергілікті халық сайласа әкімшілік басқару жүйесіне оң өзгерістер енгізілер еді. Демократиялық негізде жергілікті қоғамдастық құрылғанымен оның жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануына мониторинг жасау мен тиімді пайдалуы жөнінде ұсынымдар енгізуі жалпы аумақтық бірлестіктің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысқанымен жергілікті бюджет бекітілмейінше аталған басқару үлгісі тиімсіз. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін реформалау кезеңінде әкім аппаратының функцияларын түбегейлі қайта қарастыру мен бюджеттің төртінші деңгейін қалыптастыру болмақ. Ал осы тұрғыда ең алдымен бірінші кезеңде (2013-2014 жылдары) жоспарланған басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту бойынша және жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту органдарын қалыптастыру үшін базалық алғышарт болып табылған басқару және қаржыландыру тетіктерін практикалық пысықтау шараларын жүзеге асыруды белгілі бір стратегиялық жоспар арқылы арнайы құрылған уәкілетті комиссияның бақылауы арқылы ұйымдастыру керек еді. Себебі әртүрлі туындайтын жалпы «басқару өзгерістеріндегі» «тәуекел» кедергілер толыққанды зерттелмеді және оған талдау жасалынбады. Аталған кезеңдегі өзгерістерге жергілікті өзін-өзі бақару жүйесі толық дайын болмады.[2] 2018 жылдан бастап халқы 2000 адамнан асатын елді мекендер бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджеттің төртінші деңгейі өтпелі кезеңі басталды. Аталған әкімшілік-аумақтық бірліктерде өз бюджеттері бекітілді. Ал халық саны 2000 және аз адамдар бар әкімшілік-аумақтық бірліктер 2020 жылдан бастап өз бюджеттеріне көшеді. Бюджет түсімін салықтық және салық емес түсімдер және негізгі капиталдарды сату, аудандық бюджеттерден трансферттер арқылы құралады. Ал оның құралу тетіктері мен алғышарттары жүйелі ұйымдастырылды ма? Мәселен салықтық түсімдерге жататын жеке тұлға мүлі салығы, жеке және заңды тұлғалардың көлік салығы мен сыртқы (көрнекті) жарнаманы орналастыру үшін өтемдерді қарастырайық. Бірінші кезеңде жүйеге келтірілмеу салдарынан мүліктің өзіндік құны нарықтық құнмен бағаланбады. Мүлік иелері бағалау шығындарына әлі толық дайын еместігін көрсетті. Екіншіден, Салық кодексінің 2017 жылғы өзгертулеріне сәйкес, жеке тұлғаның көлік құралына көлік салығы ол оның иесінің тұрақты тіркеуде тұрған жеріне байланысты төленетін болуы. Сонымен қатар, заңды тұлғалардың шаруашылық көліктері олардың салықтық орны бойынша тіркеуде тұрған жері бойынша салынады. Ал жарнамалар тек қала типтес ауылдар мен орталықтарда орнатылуы мүмкін. Осының барлығы салықтық түсімдердің азаюына әкелді. Реформалау кезінде салықтық емес түсімдерді де енгізу жолға қойылғанымен бұл бағыттың да өз кемшіліктері орын алды. Айталық, жергілікті әкімдер белгілеген айыппұлдарға келсек, айыппұлды аты айтып тұрғандай жергілікті биліктегі әкім салады. Осыдан кейін жергілікті билік пен халық арасында сенімділік азаюы мүмкін. Аталған құзіреттілікті сол бекітілген бірліктегі жергілікті учаскелік инспекторларының міндеттілігіне жүктеу орынды болмақ. Сонымен қатар, әкімшілік айыппұл салудыңқайсыбір міндетті орындау амалдарының реттілігі жоқтығынан бұл бағыт тиісті атқарылмауда. Әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау алгоритмін бір ғана әкімнің мойнына жүктеу арқылы оның өз аумақтық бірлестіктегі маңызды әлеуметтік-экономикалық ішаралардың атқарылмауына кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы мақсатта, әр тиісті құзіретті мекемелер, айталық мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органдар, ішкі істер органдары, мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар мен тағы басқа тиісті органдардың құзіретті инспекторлары жергілікті бірліктегі басшылықтың қызметті хаты негізінде орын алған әкімшілік құқық бұзушылық фактілері бойынша әрекет етсе дұрыс болар еді.

Өндіріліп алынған айыппұл тиісті бірлік бюджетіне түсетін болады. Әйтпегенде аталған мекемелердің қызметтік штаттарын қайта қарастырған жөн болар. [3]

Жергілікті өзін-өзі бақарудың міндеттерінің бірі болып халық есебі мен мал санын ретке келтіру, азаматтардың әлеуметтік мәртебесін жүйелі реттеу жұмыстарын жүргізу барысында жұмыссыздықты анықтау мен азаюына тиісті шаралар қабылдау, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды мемлекеттік әртүрлі қолдау бағдарламаларына қатыстыру, мемлекеттік мүлікті есепке алу жұмыстары, ұсынылған ауылшаруашылық мақсатты жерлерді тиімді пайдалану мен жайылым жерлерді бекіту, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту бойынша тағы басқа да шараларды қамтиды. [4]

Жергілікті өзін-өзі басқару жұмысындағы негізгі бағыттардың алғышарттары мен кемшіліктерін пайымдай келе, төмендегі негізгі мәселелерге баса назар аудару ұсынылмақшы:

1. Жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау кезеңін әр тиісті аумақтық бірлестіктің географиялық, экономикалық маңыздылық, әлеуметтік, экологиялық тағы басқадай сипаттық ерекшеліктеріне қарай жекелік үлгісін қарастыру. Себебі кейбір аумақтық-әкімшілік бірліктер тіпті аудандардың бюджеттері доцация шеңберінде толықтырылатынын ескеру қажет;

2. Кейбір әкімшілік-аумақтарда бюджеттік түсімнің кеткен шығынды жаба алмауын ескере отырып, ауылды мекендерді біріктіру, оңтайландыру.

3. Ауылдық жергілікті маслихат құру, олардың құзіреттілігін кеңейту және қайта қарастыру.

4. Сайлау алды бағдарлама негізінде маслихат депутаттары, халық қалауларын және де қала, ауыл, ауылдық округтердің әкімдерін жергілікті қоғамдастықтың ұсынумен сайлау және уәкілеттілігін тоқтату бойынша ұсыныстар беру. Бұл өз кезегінде басқару жүйесін орталықсыздандырып демократияландырады, олардың қызметі негізінен жоғары тұрған органдардың бұйрығын орындаудан гөрі халықтың мүддесін қанағаттандыру мен экономикалық жинақтылыққа бағытталатын болады.

5. Жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі әкімдердің өкілеттіктерін кеңейту, әкім аппаратының функцияларын қайта қарастыру. Өзін-өзі басқару механизмі толығымен жергілікті әкімдік пен қоғамдастықтың билігіне көшсе, онда «екі реттік қайталану қызметі» болмау мақсатында аудандарда, облыстардағы көптеген билік органдарының уәкілеттіктерін қысқару қажет.

6. Төртінші бюджетті жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрылымдық өзгешеліктерін ескере отырып, түбегейлі қайта қарастыру керек. Себебі, кейбір аудандарға белгілі бір шығынның орнын толтыру үшін берілетін мемлекеттік жәрдем қаржы бөлінеді және экологиялық апатты региондар мен экономикасы мен туризмі жақсы дамыған аумақтық бірліктерден керісінше олардан бюджет қаржысын қорға алып, жоғарыда аталған дотацияланған аудандардың елді мекендеріне үлестіру қағидатын енгізуді жоспарлау қажет. Қазіргі уақытта әкімдер қаржымен қалдық қағидаты бойынша қамтамасыз етілгендіктен өз кезегінде жергілікті маңызы бар мәселелерді тиімді шешуде қабілетсіз, осылайша халық тарапынан объективті наразылық туады.

7. Мемлекеттік мүлікті есепке алу және алынған коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беру ақылы бюджет кірісін толықтыру мүмкін еместігін ескеру. Керісінше тоз тоз болып керткен иесіз мүліктерді есепке қою шығындары мен оларды қалпына келтіру шығындарын қоса алғаннан гөрі қайта салған артығырақ болмақ.

Елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың алғышарттарының бірі ретінде маслихаттарды жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінен шығару арқылы оларды жергілікті өзін-өзі басқару органдары ретінде тану керек. Әкімдерді тікелей халық не жанама ретінде маслихат депутаттары сайлауы керек және оның бір ғана бюджетті – өзін-өзі басқару бюджетінің болуы шарт. [5]

Елбасымыздың "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты» және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын басшылыққа ала отырып, қазақстандықтар жергілікті өзін-өзі басқарудың көпғасырлық тәжірибені ескере отырып, өзіндік жаңа үлгісін қалыптастыруда. Батысеуропалық елдердің тәжірибесі біздің қазақстандық болмысты ескере отырып зерттелетін жағдайда ғана маңызды әрі қажетті болмақ. Әрине әр нәтиженің өз кемшіліктері болады. Осы кемшілік тәуекелдерге шұғыл түрде стратегиялық жоспар арқылы әрекет жасау қажет. Жергілікті қауымдастық пен жергілікті билік өкілдерінің әлі де болса өзара әрекет ету реформасын бір жүйеге келтіру, жергілікті өкілетті органдар-маслихаттар заң жүзінде кең көлемді өкілеттіктерге ие болғанымен, іс жүзінде әкімәттарға бағынышты жағдайда қалып отыр. Олар да өз кезегінде сайлаушылардың арыз-талапарын толыққанды қанағаттандыра алмауда. [6]

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жергілікті өзін-өзі басқарудың бұл бағыты аймақтық дамудың басты іргетасы болып табылады. Ал қазақстандық өзі-өзі басқарудың бұл бағыты жергілікті әкімшілік-аумақтық бірлестіктердегі өткір дифференциация мәселесін заң шегінде әрекет ете отырып шешу, Елбасымыз айтқандай: «Біздің мақсатымыз – мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру. Ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс... Қоғам және азаматтар мемлекеттік шешімдер қабылдау процесі мен олардың жүзеге асырылуына тікелей қатыстырылуы қажет. Жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік беру керек... Мен Жергілікті басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Ол ауылдық, селолық деңгейде басқару сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды және азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерге қатысуын кеңейтеді» делінген. Ең бастысы, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл тұрғындарының көпшілігінің жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы өз құқықтары мен мүмкіндіктерін түсінуге қатысты құқықтық сауаттылығының ағымдағы деңгейін ескере отырып, халыққа қоғам мен мемлекеттегі өзін-өзі басқарудың рөлі мен орнын түсіндіруде ақпараттық-насихаттау ісін жандандыру қажет. Осы мақсатта орталықсыздандыру-демократияландыру саясатын ұстану арқылы әр азамат өз елді-мекенінің, туған жерінің әлеуметтік-экономикалық, тарихи, рухани мәселелерін шешуде тікелей араласуы керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. <http://adilet.zan.kz>.
2. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
4. Бекетова К. Н., Мұхтарова А. Жергілікті өзін-өзі басқару құрылымының «қазақстандық» үлгісін жетілдіру бойынша ұсынымдар // «Молодой учёный». № 5.5 (109.5). Наурыз, 2016 ж. - 34-37 б.
5. Қарақов М.Б. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару дамуының мәселелері мен болашағы // ФТК материалдары. – Ақтөбе, 2008. – 28-31 б.
6. Узакбаева А., Абдимомынова А.Ш. Региональное антикризисное управление: теоретический аспект. Молодой учёный. 2015. № 7. - 505–508 б.